

## "Жоғары білім беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 1993 жылғы 10 сәуір.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1999.06.07. N 390 Заңымен. ~  
Z990390

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Жоғары білім беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Z932700\_ жарияланған күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне 1993 жылғы 1 тамызға дейін:

- Қазақстан Республикасы үкіметінің шешімдерін "Жоғары білім беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен сәйкес келтіру;

- Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының осы Заңға қайшы келетін өз шекті шама құжаттарын қарауы мен олардың күшін жоюын қамтамасыз ету;

- "Жоғары білім беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қолдану жөнінде қажетті шекті шама құжаттарын қабылдау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне осы Заңнан туындайтын басқа мәселелер жөнінде ұсыныстар табыс ету тапсырылсын.

3. Алдағы уақытта Қазақстан Республикасының заңдарын "Жоғары білім беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен сәйкес келтіргенге дейін Қазақстан Республикасының осы Заңға қайшы келмейтін тиісті заң құжаттары қолданылады деп белгіленсін.

4. Республика Жоғарғы Кеңесінің Ғылымды және халыққа білім беру ісін дамыту мәселелері жөніндегі комитетіне осы қаулыда көзделген шаралардың іске асырылу барысына бақылау жасауды қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне тиісті ұсыныстар енгізу тапсырылсын.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы  
Кеңесінің Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК